

**Құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмыстарының жай-күйі
және кәсіподақ органдарының Кәсіподақта іс жүргізуді ұйымдастыру
жөніндегі шешімдерінің орындалуы туралы
АҚПАРАТ**

Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 9 «Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында Кәсіподақтың Орталық Комитетінде ақпараттық мәліметтер банкін, анықтамалық-библиографиялық және әдістемелік фонд пен электронды құжат айналымын қалыптастыру бойынша, сондай-ақ Кәсіподақтың Атқару Комитетінің 2022 жылдың 12 қазанындағы № 19 «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы ақпараттық жұмысты әрі қарай жетілдіру жағдайы мен шаралары туралы» қаулысымен Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (әрі қарай ААЖ) қалыптастырылып енгізілді.

Бұл жүйе құжаттармен жүргізілетін жұмыстарды, статистикалық сандарды есепке алуға, кәсіподақ мүшелерінің анықтамалықтарын жасауға, сондай-ақ сырттан келіп түскен немесе ұйымда (барлық құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда) жасақталған құжаттарды және құжаттардың электрондық мұрағатын жүргізуді автоматтандыруға арналған.

2022 жылғы 27 мамырда Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшыларының қатысуымен өткен жиналыста пилоттық режимде бағдарламаны енгізу шешімі қабылданды, осы орайда Кәсіподақтың Орталық Комитетімен топтық семинарлар ұйымдастырылды. 2022 жылдың маусым мен қараша айларында Астана қаласында мүшелік ұйымдар аппаратының қызметкерлері үш сатыда «Кәсіподақтағы бірыңғай электронды құжат айналымын енгізу» тақырыбы аясында негізгі автоматтандырылған ақпараттық жүйе болып табылатын құжаттар айналымы бойынша оқытудан өтті. Семинар қорытындысы бойынша мүшелік ұйымдардан бағдарламаны толықтыру үшін сын-ескертпелер мен ұсыныстар жинақталып, ААЖ–ні пысықтау барысында ескерілді.

Орталық Комитет аппаратының қызметкерлері мен ААЖ әзірлеуші мамандар цифрландыру аясында Кәсіподақтың аумақтық ұйымдарына шығу арқылы да оқытулар өткізді. Осы оқытудан Ұлытау облысы мен Астана қаласы кәсіподақ ұйымдарының аппарат қызметкерлері өткен жоқ. Оқытуды жетілдіру мақсатында платформада жұмыс істеудің қадамдық нұсқаулары жасалып, YouTube халықаралық жаһандық бейне хостингінде орналастырылды.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық мүшелік ұйымдар Орталық Комитет аппаратын қоса алғанда ААЖ платформасында электронды құжат айналымына көшті. Бағдарламаны толықтай түсіндіру мақсатында 2023 жылдың 6-22 ақпан аралығында Салалық кәсіподақтың 19 мүшелік ұйымдарында (Астана қаласы мен Ұлытау облысынан басқасы) қайтадан онлайн оқыту семинарлары өткізілді.

ААЖ-де құжаттардың электрондық түрде жасалуы, таратылуы, қолжетімділігі мен басқару функционалдығы қамтамасыз етіледі. Жүйе құжаттармен, оның ішінде дәстүрлі іс жүргізуге тән жұмыстар кешенін автоматтандыруды қамтамасыз етеді: Салалық кәсіподақта да, мүшелік ұйымдарда да істерді құру, тіркеу, тарату, орындалуын бақылау, қалыптастыру және сақтау. Мүшелік ұйымдардың көпшілігі цифрлық құжаттамаға көшті. Орталық Комитет аппаратында іс жүргізу электрондық түрде жүргізіледі.

Алайда, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының облыстық және қалалық ұйымдарында құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмысының жағдайы әрқелкі. Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Ақмола облыстық ұйымдарында құжаттама толығымен цифрлық форматта жүргізілуде, аудандық және қалалық ұйымдарда цифрлық базаны енгізу жұмыстарын жалғастыруда.

Бүгінгі таңда Абай облысының кәсіподақ ұйымы ААЖ бойынша тек Орталық Комитет аппаратымен ғана жұмыс істейді, өйткені интернет аудан орталықтарында тұрақсыз, сондықтан цифрлық форматқа көшу қиындығы туындап тұр. Сонымен қатар, «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподағында, «Қорғау» Қостанай облыстық кәсіподағында, Атырау облыстық ұйымында, Шымкент қалалық кәсіподағында, Алматы қалалық кәсіподақ ұйымында құжаттама ААЖ бойынша тұрақты жүргізілмейді. Салалық кәсіподақтың электрондық поштасына құжаттарды, хаттарды, шығыс хат-хабарларды жіберу үрдісі сақталуда.

Шығыс Қазақстан облыстық ұйымында іс жүргізу ішінара цифрлық форматқа ауыстырылды, яғни біртіндеп енгізу сатысында тұр. Маңғыстау облыстық ұйымында мүшелік ұйымдармен өзара жұмыс онлайн (Zoom, WhatsApp-тағы чаттар) консультациялар, жиналыстар және т. б. арқылы. Облыстық ұйым ААЖ платформасында пассивті жұмыс істейді, өйткені ол бағдарламаны ыңғайсыз, көп сатылы және қосымша уақытты қажет етеді деп санайды және құжат айналымын цифрлық форматқа ауыстырудың неғұрлым сапалы деңгейін түсінбей отыр. «Жетісу» облыстық жергілікті кәсіподағында іс жүргізу маманының жүктілік және босану бойынша демалысқа шығуына байланысты платформада жұмыс тоқтатылды, кадр тапшылығы бар.

Барлық мүшелік ұйымдарда аудандық және қалалық филиалдарды бүгінгі күні электронды құжат айналымына көшіру жұмыстары әлі де жолға қойылмаған. Жергілікті жерлерде филиалдарды қосымша қажетті техникалармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде, оқыту семинарлары өткізілуде. Есеп беру-сайлау науқанының қорытындысы бойынша көптеген аудандық және қалалық ұйымдарда төрағалар ауыстырылды, осыған байланысты бағдарламаны әзірлеушілер жаңа жеке кабинеттер құрып, пайдаланушылардың кіруі үшін жаңа парольдер орнатуда. Өңірлерде цифрлық форматқа көшу процесіне Интернеттің тұрақсыз жұмыс жасауы кедергі келтіруде. Мүшелік ұйымдардың аудандық және қалалық филиалдарында

электрондық құжат айналымын енгізу мақсатында Орталық Комитет аппаратының қызметкерлерімен ZOOM платформасы арқылы онлайн оқыту семинарларын өткізу кестесі жаңартылды. Электронды түрдегі бейне сабақтар мен әдістемелік қадамдық нұсқаулықтар әзірлену сатысында.

Шымкент пен Астана қалаларының кәсіподақ ұйымдарының өз мүшелік ұйымдарымен ААЖ бойынша кәсіподақ ұйымдарының төрағалары негізгі лауазымынан босатылмағандықтан цифрлық платформада жұмыс жасау мүмкіндігі жоқ екенін айта кеткен жөн.

Қазіргі кәсіподақ қозғалысы үшін кәсіподақ ұйымдарын басқарудың стратегияларын, ұйымдық құрылымын, нысандары мен әдістерін үнемі өзгерту қажет, бұл, ең алдымен, кәсіподақ қызметінде жобалық әдістерді, заманауи цифрлық технологияларды, кәсіподақ ұйымдарының, олардың кадрлары мен кәсіподақ активінің ұйымдастырушылық және әлеуметтік ұтқырлығын пайдалануға байланысты. Кәсіподақтың цифрлық құжаттама форматына көшуі осы мақсаттарға жету жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылатыны сөзсіз.

Орталық Комитет аппараты мен мүшелік ұйымдардың жұмысында ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттыру мәселелері өзекті болып қала береді.

ААЖ жүйесін кәсіби органдардың барлық деңгейлерінің жұмысына енгізу бойынша жұмыс жалғасуда.

Кәсіподақ алдында тұрған келесі міндеттердің бірі бағдарламада есептіліктің барлық түрлерін әзірлеу, нормативтік-құқықтық базаны енгізу, кәсіподақ мүшелерін статистикалық есепке алудың бірыңғай цифрлық жүйесі мен электронды кәсіподақ билеті үшін базаны жинау жөніндегі жұмысты аяқтау болып табылады.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының кеңсесі